

Диссертациялық кенес
туралы үлгі ережеге
5-қосымша

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Исакова Сабира Сагынбековнаның 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының <u>Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия Бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	«Қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия Бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес дайындалған: Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың келесі басым бағыттары мен бағдарламаларына сәйкес келеді: 1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045қаулысы); 2) ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік

Бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы).

2. Ғылым үшін маңыздылығы

Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.

Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді зерттеу арқылы тіл білімінің терминтану, сөзжасам, терминжасам салаларының дамуына ықпал етеді. Зерттеу жұмысының қағидалары, нәтижелері мен қортындыларының жеткілікті деңгейде екендігіне дәлел ретінде диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларынан көруге болады. Диссертациялық жұмыс аясында диссертанттың 10 мақаласы жарияланған, оның ішінде Scopus мәліметтер базасында 1 мақала, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басшыларда 5 мақала, шетелдік ғылыми журналда 1 мақала, халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияларда 3 мақаласы жарияланған. Сонымен қатар «Бұдан терминдер сөздігі» (2025) көмекші-оқу құралы баспадан жарық көрген.

3. Өзі жазу принципі

Өзі жазу деңгейі:

- 1) жоғары;
- 2) орташа;
- 3) төмен;
- 4) өзі жазбаған.

Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидалары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы бұдан сөздердің құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай түрлерін анықтауы, лексика-семантикалық топтастыруы, кірме терминдердің мағыналық мәні мен ерекшеліктерін сипаттауы, қазақ тіліндегі бұдан терминдердің қолданысындағы және жазылуындағы кемшіліктерді

4. Ішкі бірлік принципі

4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:

1) негізделген:

- 2) ішінара негізделген;
- 3) негізделмеген.

сараулауы, олардың тілі тазалығына есерін анықтауы, кірме терминдер мен будан терминдердің танымдық және ақпараттық және коммуникативтік қызметін анықтауы, атап алынған терминдердің ұлттық терминкорда алатын орнын айқындауы тілдік материалдар арқылы дәйектелген. Автордың зерттеуге қажетті маңызды мәселесі ғылыми тұрғыдан айқындалған, тілдік мәселелерді шешудегі әдіс-тәсілдері дұрыс таңдалған. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (9-10, 36 беттер).

Диссертацияның өзектілік негіздемесі қазақ тіліндегі будан терминдердің теориялық негізін жүйелеу, жасалу тәсілдері мен сөзжасамдық үлгілерін айқындау, қазақ тілінің терминологиялық жүйесінде алатын орны және қолданысын зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, будан терминдердің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін зерделеп, төл тіліміздің заңдылықтарына сай игерілуін, грамматикалық және әдеби нормаларға сай қолданылуын, функционалды-семантикалық ерекшеліктерін айқындауы ғылыми базалық тұрғыдан толықтай негізделген (5-6 беттер).

Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9-10 беттер). Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты материалдар үш тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда будан құбылысының тіл білімінде зерттелуі, тілдегі будан

4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:

1) айқындайды:

- 2) ішінара айқындайды;
- 3) айқындамайды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9-10 беттер). Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты материалдар үш тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда будан құбылысының тіл білімінде зерттелуі, тілдегі будан

құбылысының лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары, бұдан терминдердің құрамы және типологиясы ғылыми теориялық тұрғыдан айқындалған. Жұмыстың екінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес жазылған. Бұдан терминдердің синтетикалық, аналитикалық және арағас тәсілмен жасалу жолдары қарастырылған. Диссертация жұмысының үшінші бөлімінде қазақ тіліндегі бұдан терминдердің қолданысы және ұлттық терминологиядағы орны, атап айтқанда ғылыми мәтіндердегі бұдан терминдердің функционалдық ерекшеліктері, медиакеңістіктегі қолданысы, ақпараттық-коммуникативтік қызметі, бұдан терминдердің қолданылуындағы оқылғықтар көрсетілген. Диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:

- 1) сәйкес келеді;
- 2) ішінара сәйкес келеді;
- 3) сәйкес келмейді.

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізген (7 бет). Ұсынылып отырған жұмыста қазіргі қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық табиғатын кешенді зерттеу арқылы олардың морфологиялық құрылымын, бұдан терминжасам тәсілдерін, сөзжасамдық модельдерін, функционалдық ерекшеліктерін және ұлттық терминологиялық қордан алатын орнын айқындауды мақсат етіп алған зерттеудің міндеттері айқын, тұжырымдары да нақты, әрі дәл берілген.

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:

- 1) толық байланысқан;
- 2) ішінара байланысқан;
- 3) байланыс жоқ.

Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Алынған

нәтижелердің ішкі бірлігін диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары нақтылай алады. Бөлімдері арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.

4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:

- 1) сыни талдау бар;**
- 2) талдау ішінара жүргізілген;
 - 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;
 - 4) талдау жоқ.

5. Ғылыми жанашылдық принципі

- 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жана ма?
1) толығымен жана;
- 2) ішінара жана (25-75% жана);
 - 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).

Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы кагидаттармен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан **сыни талданған**, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған (26 бет, 93-97 беттер). Зерттеу барысында қолданған әдістерінде нәтижелер мен түйіндеулер дәлелді түрде берілген. Диссертант жұмысты жазу барысында жинақтау, тұжырымдау, қорыту және жіктеу, интерпретация, сөздік дефиниция әдісі; құрылымдық-семантикалық талдау, лингвистикалық модельдеу әдістері; бұдан терминдердің құрылымдық элементтерін және олардың қалыптасу заңдылықтарын анықтауда семантикалық талдау; ғылыми мәтінде, ауызекі сөйлеу тілінде қолданысын анықтау мақсатында салыстырмалы лингвистикалық талдау әдістері, сауалнама әдісі, статистикалық зерттеу әдістері; бұдан терминдердің электронды ресурстардағы және медиакөністіктегі қолданыс ерекшеліктерін анықтауда контент-талдау сынды бірнеше әдістерді қолданған.

Диссертанттың зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаналық дәрежесін айқындайды. Жұмыста негізделген тұжырымдардың жанашылдық деңгейі, біріншіден, алғаш рет қазіргі қазақ тілінің терминологиялық жүйесіндегі бұдан терминдердің тілдік сипаты мен функционалдық ерекшеліктеріне кешенді лингвистикалық зерттеу жасалған, екіншіден ғылыми жұмысты жазуға тілдік деректерді қарастыру барысында

саны 2000-ға жуық бұдан терминдер топтастырылып, тілдік тұрғыдан талданған. Жоғарыда айтылғандарды нақтылай түссек:

1. Тіл біліміндегі бұдан құбылысын зерттеудің теориялық негіздерінің айқындалуы, қазақ тіліндегі бұдан терминдер типологиясы, компоненттік құрылымы, лексика-семантикалық ерекшеліктерінің қарастырылуы жана (26-32 бб.);

2. Бұдан терминжасауының синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдерінің анықталуы, деривациялық модельдерінің құрылуы; бұдан терминжасаушы өнімді және өнімсіз жұрнақтардың анықталуы, аналитикалық тәсіл арқылы бұдан терминжасауға қатысатын терминбөлшектердің саралануы жана (39-71 бб.);

3. Ғылыми мәтіндердегі бұдан терминдердің функционалдық ерекшеліктерінің дәйектелуі; бұқаралық ақпарат құралдарындағы бұдан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік қызметіне кешенді талдауы; бұдан терминдердің қолданылуындағы кемшіліктердің саралануы, олардың тіл тазалығына әсерін анықтауы, қазақ тілінің терминжүйесіндегі орны мен ұлттық терминкорды жана үлгідегі терминдермен байытуға қосатын үлесін айқындауы жана (76-91 бб.).

Сонымен, диссертанттың зерттеу жұмысындағы нәтижелері мен жасаған ұсыныстары толғыымен жана болып есептеледі.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?

1) толғыымен жана:

- 2) ішінара жана (25-75% жана);
- 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).

Диссертант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары толғыымен жана болып табылады. Ол қорытындылардың жаналық деңгейі төмендегідей:

Біріншіден, қазақ тіліндегі бұдан терминдердің

лингвистикалық ерекшеліктері алғаш рет зерттеу нысанына алынғаны; бұдан терминдер құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай ағылшын - қазақ сөздерінен; грек, латын негізді сөздер - қазақ сөздері; француз, неміс сөздері - қазақ сөздерінен; орыс - қазақ сөздерінен жасалған бұдан терминдер деп жіктелуі; компоненттік құрылымына байланысты бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті бұдан терминдер деп жіктелуі; бұдан термин сыңарларын эндогенді және экзогенді құрамбөліктерге жіктелуі; бұдан терминдерді морфологиялық құрылымына қарай 5 түрлі топқа бөлінуі жана;

Екіншіден, қазақ тіліндегі бұдан терминдер жасаудың синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдерін анықтауы, жасау тәсілдеріне байланысты дериват бұдан терминдер, композит бұдан терминдер, аббревиат бұдан терминдер деп жіктелуі; қазақ тіліндегі бұдан терминдердің сөзжасамдық үлгілерін жасауы жана; Үшіншіден, бұдан терминдердің ғылыми мәтіндердегі функционалдық сипатын зерттеуде номинативті, дефинициялық, сипаттық зерттеуде танымдық функцияларымен қатар бағдарлау, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функцияларының анықтауы, бұдан терминдердің қолданысындағы кемшіліктердің саралануы, терминологиялық жүйедегі орны айқындалуы жана болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жана және негізделген.

Зерттеу аясында бұдан терминдердің қолданыс жиілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілген. Сауалнама google forms қосымшасы арқылы ұйымдастырылған. Сауалнама нәтижелері талданып, тұжырым жасалған

- 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?
- 1) толығымен жана;**
- 2) ішінара жана (25-75% жана);
- 3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).

диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты деректерді талдау, тіл білімі ғылымында орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген. Өйткені ізденуші теориялық материалдарды толыққанды талдаған, тұжырымдар жасаған және де практикалық материалдарды дұрыс және мақсатқа сай пайдалана білген.

6. Негізгі қорытындылардың негізділігі

Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).

7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер

Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:

7.1 Ереже дәлелденді ме?

1) дәлелденді;

2) шамамен дәлелденді;

3) шамамен дәлелденбеді;

4) дәлелденбеді;

5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

2) жоқ;

3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.

7.3 Жана ма?

1) ия;

1. Диссертация негізіндегі ұсынылған әрбір қағидат нақты дәлелдермен ұсынылған. Себебі зерттеушінің ғылыми теориялық мәселелері мен практикалық мәселелері нақты дереккөзден алынған, жанашылдық деңгейі жоғары, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдаланып дәлелдей алған, диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары қазақ және ағылшын тіліндегі ғылыми көпшілікке конференция материалдары, ғылыми мақалалар түрінде ұсынылған.

2. Тривиалды емес, себебі қағидаттың жаңалығы дәлелденген.

3. Қазіргі қазақ тіліндегі бұдан терминдердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін зерттеу жүргізуінің нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, аталған терминдердің қолданыс аясын

<p>2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Колдану денгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану денгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>анықтаудағы ізденістері жана. 4. Казак тіліндегі бұдан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді зерттеу жұмысының қолданылу денгейі кең, себебі бұдан терминдердің жасалу жолдары мен төл тілімізде алатын орнын зерттеу терминологиялық жүйені біріздендіруде, терминжасам тәсілдерін тиімді қолдануда маңызды. 5. Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты он ғылыми мақала жарияланып, ұсынылған қағидастары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде және ғылыми мақалаларда дәлелденген. Атап айтқанда, диссертация тақырыбы бойынша Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда бір мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда бес мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында үш мақала және шетелдік ғылыми журналда бір мақала жарияланған. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалып, қорғауға ұсынылған қағидастар толық дәлелденген.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>
	<p>Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты жазылған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне тіл біліміндегі бұдан құбылысына, терминология мәселелері, терминжасамға қатысты зерттеушілердің еңбектері негізге алынған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: Сурет 1 – Бұдан сөздердің түрліше аталуы. Сурет 2 – Э. Хаугеннің кірме</p>

1) ия:
2) жоқ.

сөздер жіктелімі. Сурет 3 – Бұдан терминдердің морфологиялық құрылымына қарай жіктелуі. Сурет 4 – Бұдан терминдердің компоненттік түрлерінің пайыздық көрсеткіші. Сурет 5 – Бұдан терминдер құрамындағы шеттілік бірліктердің казак тіліне ену жолдары. Сурет 6 – Бұдан терминдердің компоненттерінің шығу негізіне қарай пайыздық көрсеткіші арнайы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы суретті сызбалар жасалған. Диссертация бойынша орындалған жұмыстарының көрсеткіштері арнайы қосымшаларда ұсынылған.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):

1) ия:
2) жоқ.

Диссертант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен толық дәлелденген және расталған:

Зерттеу нәтижесінде бұдан терминдер құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай ағылшын – казак сөздерінен жасалған; грек, латын негізді сөздер – казак сөздері; орыс-казак сөздерінен жасалған; француз, неміс сөздері – казак сөздерінен басқа да шетел (итальян, араб, түрік т.б.) сөздерінен жасалған бұдан терминдер деп жіктелген. Бұдан терминдер компоненттік құрылымына байланысты бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті бұдан терминдер деп жіктелген; бұдан термин сыңарларын эндогенді және экзогенді құрамбөліктерге жіктелді; бұдан терминдерін морфологиялық құрылымына қарай 5 түрлі топқа бөлінді; бұдан терминдер жасау жолдарына байланысты дериват бұдан терминдер, композит бұдан терминдер, аббревиат бұдан терминдер деп жіктеледі.

8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.

8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті/жеткіліксіз**.

Диссертациялық жұмыстағы манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы берілген. Көптеген осы зерттеуге дейін жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, алынған материалдарының сенімді екендігі сілтемелермен **расталған**.

Диссертацияда манызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оларды басшылыққа алу негізінде жазылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны 133 әдебиетті құрайды. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты таңдалған, барлық әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан, статистикалық, электрондық дереккөздерді жеткілікті түрде пайдаланған, сілтемелері берілген.

9 Практикалық құндылық қағида

9.1 Диссертацияның теориялық манызы:
1) **бар**;
2) жоқ.

Диссертацияның теориялық маныздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар қазақ тіл білімінің терминжасам бағытындағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Қазақ тіліндегі неоклассикалық компоненті бар бұдан терминдердің жасалу жолдары мен деривациялық модельдерін айқындау, терминологиядағы бұдан аталымдардың лексика-семантикалық классификациясын жасау, бұдан терминдердің функционалды ерекшеліктерін зерттеу арқылы қазақ тілінің терминологиясы, терминжасам, қазақ тілінің сөзжасамы, функционалды лингвистика салаларының теориялық тұрғыдан толығына түсуіне өз дәрежесінде үлес қосады.

9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:
1) ия:
2) жоқ.

Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада: жоғары оқу орындарында «Қазақ терминологиясы», «Терминжасам мәселелері», «Қазақ тілінің сөзжасамы» пәндерін оқытуда және оқу құралдарын әзірлеуде қолдануға болады, сондай-ақ зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі бұдан терминдерді лингвистиканың жана бағыттары бойынша болашақ зерттеулерге негіз бола алады.

9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?
1) толығымен жана:
2) ішінара жана (25-75% жана);
3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).

Диссертанттың практикалық ұсыныстары толығымен жана болып табылады. Терминтанудағы кірме және бұдан терминдер туралы жана пайымдаулар мен шешімдер жасауға мүмкіншілік беретін жанашылдығымен ерекшеленеді.

10. Жазу және ресімдеу сапасы

Академиялық жазу сапасы:
1) жоғары:
2) орташа;
3) орташадан төмен;
4) төмен.

Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, толық аяқталған жұмыс және ғылыми стильді толық ұстанған, құрылым жүйесі сақталған, сілтемелерді дұрыс қолдана білген. Зерттеу ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Академиялық жазу сапасы жоғары.

11. Диссертацияға ескертулер

Диссертацияға ескертулер мен ұсыныстар:

1. Диссертацияда қазақ тілінде аудармалары қалыптасқан потенциал (96 бет), процесс (9, 103 беттер), функция (9, 103 беттер), модель (5 бет) терминдері орыс тіліндегі нұсқасымен қолданылған, аталған терминдер қазақ тілінде әлеует, үдеріс, қызмет, үлгі деп бекітілген.
2. Зерттеудің болашақ бағыт-бағдары айқындалып, нақты зерттеу аспектілері көрсетілсе деген

ұсыныс бар.

3. Зерттеу құрылымдық-жүйелілік парадигма аясында жүргізілген, дегенмен болашақта терминді зерттеудің когнитивтік аспектісіне назар аударылғаны дұрыс деп санаймыз.

Айтылған ескертпелерді ұсыныс ретінде қабылдауға болады және диссертацияның мазмұнына нұқсан келтірмейді.

Докторанттың жарияланымдары зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген.

12. Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша ар макаласының ғылыми деңгейін зерделейді)

13. Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызына «8D02303 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне (докторанттың аты-жөні) «8D02303 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе Бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеуі жоғарыда айтылған ғылыми пікірді негізге ала отырып, 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысының мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы айқын, зерттеу нәтижелері ғылыми талаптардың мүддесінен шығады. Қазақстан Ресубликасы және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сай келеді, 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе

өңірлік университеті» КеАҚ

филология ғылымдарының доктор

